



ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 25/721

25 июня 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Новости Акорды

Баспасөз қызметі хабарлайды

ТАК НЕ ПОЙДЕТ – ПРЕЗИДЕНТ О НЕСОРАЗМЕРНО МЯГКИХ НАКАЗАНИЯХ ДЛЯ ХУЛИГАНОВ И ВАНДАЛОВ



В ходе совещания в Акорде Касым-Жомарт Токаев остановился на участившихся случаях порчи общественного имущества, хулиганства и вандализма, сообщает Kazpravda.kz.

"На днях в столице пьяный мужчина разбил монитор в лифте и получил за это

штраф всего 14 тысяч тенге. Так не пойдет. За такие деяния нужно сажать минимум на 15 суток, или вообще приговаривать к году исправительных работ. Нужна "нулевая терпимость" к подобным случаям. Несоразмерно мягкие наказания, а фактически безнаказанность будут порождать дальнейший рост правонарушений и преступлений. Поэтому необходимо ужесточить законодательство в данном вопросе", – сказал Глава государства.

Также Президент высказался о риске парализовать госаппарат на фоне борьбы с коррупцией и указал на систематические нарушения санитарно-эпидемиологических ограничений и недостаточные темпы вакцинации населения.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>

Коронавирус

УЖЕСТОЧИТЬ КАРАНТИН В КАЗАХСТАНЕ РЕШИЛО ПРАВИТЕЛЬСТВО

Под председательством заместителя Премьер-министра РК Ералы Тугжанова состоялось заседание Межведомственной комиссии по недопущению распространения коронавирусной инфекции на территории РК, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Премьера.

В связи с обнаружением мутации COVID-19, характерной для «Дельта» («Индийского») штамма в г. Нур-Султане, Межведомственная комиссия рекомендовала Главному государственному санитарному врачу РК принять следующие дополнительные меры по карантинному режиму:

1. ввести ограничения на работу для работников сферы услуг, крупных организованных коллективов (промышленных предприятий) без вакцинации против COVID-19 (за исключением лиц, имеющих постоянные медицинские противопоказания и переболевших);

2. ввести требование обязательного ПЦР-тестирования для работников сферы услуг, промышленных предприятий и иных организованных коллективов, отказывающихся от вакцинации против КВИ (не имеющих медицинских противопоказаний к вакцинации против КВИ);

3. ввести требование по необходимости вакцинации всего персонала для включения новых субъектов предпринимательства в проект «Ashyq», а также для продолжения работы действующих субъектов в рамках проекта (за исключением лиц, имеющих постоянные медицинские противопоказания и переболевших);

4. включить в проект «Ashyq» торговые, развлекательные центры, торговые дома и непродовольственные рынки.

Также было поддержано предложение Министерства здравоохранения по усилению карантинного режима по городу Нур-

Султан, в частности:

1. ограничение режима работы ТРЦ, ТД, торговых центров, торговых сетей по реализации непродовольственных товаров в будние дни до 17:00 часов с запретом работы в субботу и воскресенье (независимо от размещения на данных объектах пунктов для массовой вакцинации против COVID-19);

2. ограничение работы объектов общепита (рестораны, кафе, бары, столовые) внутри помещения в период 7.00-20.00 часов с запретом работы в субботу и воскресенье, на открытом воздухе с 7:00-22:00 часов (за исключением объектов, участвующих в проекте «Ashyq»);

3. ограничение работы крытых непродовольственных рынков с 10:00 до 20:00 с запретом работы в выходные дни (независимо от размещения на данных объектах пунктов для массовой вакцинации против COVID-19);

4. запрет на проведение массовых мероприятий на открытом воздухе не более 100 человек с соблюдением санитарных требований (спортивные, религиозные и т.д.).

Кроме того, Е.Тугжанов поручил центральным госорганам, акиматам принять все меры по предотвращению распространения «Дельта» штамма с учетом его высокой контагиозности.

Министерству здравоохранения совместно с акиматами поручено до 28 июня т.г. провести ревизию коечного фонда, кадровой обеспеченности, достаточности лекарственных средств в резервных фондах.

В завершение заместитель Премьер-министра РК отметил необходимость увеличения охвата вакцинации населения от КВИ.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>

БАСТЫ НАЗАРДА ҚАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ

Приозерск қаласының әкімі Сапар Сагаевтың бастамасымен қаламыздың 65 жылдық мерейтойы аясында осы аптада «Таза бейсенбіде» қаланы абаттандыру мақсатында Балқаш көлінің жағалау аймағын санитарлық тазарту, сырлау, ағаштарды әктеу және қураған ағаштарды кесу жұмыстары жалғасын тапты.

Сондай-ақ, қаланы тазарту процесіне еріктілер мен «Жасыл ел» жасағының сарбаздары белсене атсалысты. Қаланы көрген адам тамсана қарайтындай болу үшін қаладағы жасыл желекті сақтау мен ұлғайтудың маңыздылығын шешу - бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі. Қала сәулетшісі көгалдандыру және абаттандыру бойынша макет дайындау және тыңғылықты жүзеге асыруға тиісті тапсырмалар алды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары да қала әкімінің назарынан тыс қалмады. Өзінің төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссиясының кезекті отырысын өткізді. Отырыс барысында полиция бөлімінің бірінші жартыжылдықтағы жұмысының қорытындысы және жолда жүрудің қауіпсіздігі



сақтау саласының өкілдеріне арналған мерекелік іс-шараға қатысты. Салтанатты шара барысында ақ халатты абзал жандар Приозерск қаласы әкімінің құрмет грамоталарына ие болды және екі дәрігерге су жана пәтерлердің кілттері табысталды. Өңір




басшысы С.Сагаев дәрігерлерді кәсіби мерекесімен құттықтай отырып: «Дәрігер – мамандық, ал медицина – шынымен де барлық өнердің асылы. Адам денсаулығы әрқашан ең жоғарғы құндылық болып саналады және оны мойындау арқылы оған қамқорлық жасауды таңдаған адамдар барлық уақытта құрмет пен ізетке ие болатыны хақ» - деп, әсіресе пандемия кезінде миллиондаған адамды аман алып қалу үшін аянбай еңбек еткен дәрігерлердің еңбегін ерекше айшықтап өтті.

Кала әкімі өзінің тығыз жұмыс кестесіне қарамастан 18 маусым күні медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, қалалық емханадағы денсаулық

басшысы С.Сагаев дәрігерлерді кәсіби мерекесімен құттықтай отырып: «Дәрігер – мамандық, ал медицина – шынымен де барлық өнердің асылы. Адам денсаулығы әрқашан ең жоғарғы құндылық болып саналады және оны мойындау арқылы оған қамқорлық жасауды таңдаған адамдар барлық уақытта құрмет пен ізетке ие болатыны хақ» - деп, әсіресе пандемия кезінде миллиондаған адамды аман алып қалу үшін аянбай еңбек еткен дәрігерлердің еңбегін ерекше айшықтап өтті.

Приозерск қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі



ГАЗЕТ – ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Уақыт талабына сай тұтынушыларға – оқырман қауымға сапалы да мәнді-мағыналы ақпараттар, мақала, очерктер жеткізіп беріп отыру әрбір журналистің, тілшінің, қоғамдық тілшілер мен қаламының желі бар оқырмандардың басты міндеті болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде қаламыздағы жалғыз басылым – «Приозерский вестник» газетінің ұжымы әрдайым оқырмандар көңілінен шығуды басты мақсаты санайды. Соған орай қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты жеделдетіп жеткізудің жаңа заманауи дәрежесіне көтерілу көзделеді.



Әрбір газеттің нөмір сайынғы жоспарлануынан бастап, оның оқырман қолына жеткенге дейінгі аралықтағы циклы бір сәт те қаперден қалмауы қажет. Осының бәрін үйлестіріп отыратын ұжымның өзіндік іс жоспары бар. Ұжым қала өміріндегі ең өзекті мәселелерге назар аударып, оның шешімін табуына мүдделілік танытады. Газеттің әрбір санында қаладағы, аймағымыз бен еліміздегі болып жатқан соны жаңалықтармен қатар жетістікке жеткен жеке тұлғалар туралы мақала-очерктер, биылғы жылы аталып өтетін еліміз тәуел-сіздігінің отыз жылдығына арналған мақалалар, белгілі тұлғалардың атаулы күндеріне байланысты материалдарға, танымдық, спорт хабарларына да оқырман назарын аудартып келе жатқаны сөзсіз. Осы орайда газеттің тартымды әрі қызықты шығуына үлес қосып жүрген қоғамдық тілшілердің еңбегін айрықша атап өткеніміз жөн. Бір ғана Приозерск қалалық мемлекеттік архивінен архив директоры Жолмұрат Кенесов, архив қызметкерлері Ерлан Бакиров пен Сабира Болатовалар жиі мақалалар жазып, газет қоржынын толтыруға бірнеше жылдардан бері үлес қосып келеді. Газетке жарияланға танымдық және сыни мақалаларға оқырмандар тарапынан



кері байланыс орнатылып, ой-пікірлер жазылып отырғанын, талқыға салынғанын, түйткілді мәселелердің оң шешімін табуын қалайтын едік. Осы қалада тұрып жатқан әрбір тұрғын өзінің мекенінің гүлденуін, дамуын, жайнап-жақсаруын қалайтын болса, газет арқылы ой-пікір білдіріп оты-

руларының да маңызы ерекше. «Ойласып пішкен тон келте болмас»- демекші, қаламыздың әрбір тұрғынының пікірі біз үшін құнды.

Журналистер қауымы – тілшілерді «Адам жанының инженері» - деп бекер айтпаған. Олар жаңалық, оқиға болған жерден дер кезінде табылуға тырысады. Адамдармен, яғни өзінің кейіпкерлерімен тіл табысып, олардың қалауын, мұң-мұқтажын қоғамға, тиісті органдарға және билікке жеткізеді. Ал, газет болса қоғамның айнасы. Барлық оқиға, ақпарат, мақалаларды өз бетінде жариялап, оқырманға паш етеді. Тілшілер ауа-райының ыстық-суығына қарамастан, аттың жалы, түйенің қомында жүріп те айналада, елі ішінде, қоғамда болып жатқан жылт еткен жаңалықты, маңызды ақпарат пен хабарларды оқырманға жедел жеткізуді мақсат етеді. Жазған кейбір сыни мақалалары үшін бюрократтық ниеттегілерден «таяқ жеп», тіпті өміріне қауіп төніп жатады. Алайда, тілші-журналистердің ниеті ақ, ойы таза, мақсаты айқын, қоғамда әділдік пен шынайылық болғанына мүдделі хәм қоғамның дамуын, алға жылжуын қалайды және сол үшін күреседі. Сондықтан мемлекет тарапынан дәрігерлер мен мұғалімдерге жасалып жатқан қамқорлық журналистер қауымына да шарапатын тигізсе деп ойлаймыз. Мұны бір шешудің жолы – тиісті заңнамалық құжаттарға өзгерістер енгізіп, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық мәселеге қатысты мәртебесін айқындау.

Отандық және жергілікті БАҚ-ты жаңғырту, оның тиімділігін арттыру төңіре-



гіндегі мәселелер шоғырында осындай бір өзекті шаруалар да шешімін тапса дейміз. Ел мұраты жолындағы қат-қабат жұмыстың ең алдыңғы шебінде жүретін журналистің мұқтажы кейде жартыкеш шешіліп, ал кейде мүлде ұмыт қалып жататыны өкінішті. Сондықтан отандық БАҚ-ты жаңғырту мәселесі көтерілгенде ең алдымен сол мәселені жүзеге асыруға тұтқа болатын журналист тұлғасының тағдыры бірінші кезекте тұруы тиіс. Өйтпейінше, кадр дайындау мен оның біліктілігін арттыру, білімін жетілдіру деген секілді шаруалардың жуық арада шешімін таба қоюы түйінді болып қала бермек. Төл мерекеміздің қарсаңында тиісті орындарға өзіміздің базаны-тілегімізді жеткізіп қалудың орайлы сәті осы кезең деп пайымдаймыз.

Әріптестерімізді және газетіміздің оқырмандарын баспасөз және байланыс саласы қызметкерлері күні мерекелерімен газетіміздің ұжымы атынан шын жүректен құттықтап, шығармашылық жетістік, табыс тілейміз! Жаратқан ие жарқын күндерде жолықтыруға жазсын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суретте:

ПРОФЕССОР НАДЕЛ ФОРМУ КОМБРИГА

В Нур-Султане, как и в других городах Казахстана, прошла памятная акция, приуроченная к 80-й годовщине начала Великой Отечественной войны.

Во многих городах ее участники возлагали цветы к воинским мемориалам и памятникам, почтив минутой молчания память погибших во Второй мировой войне. Акции организованы по инициативе представительства Россотрудничества в нашей стране. В столице цветы возложили к Монументу защитников Отечества.

– Мы должны помнить о тех трагических событиях и рассказывать о них молодежи, – говорит руководитель представительства Россотрудничества в Казахстане и директор Русского дома Алексей Коробченко.

Профессор ЕНУ им. Льва Гумилева Майдан Кусайнов в этот день оделся в форму комбрига начального периода войны. Вот уже 43 года он занимается поисковой работой, возглавляет поисковый

Гомелем 20 августа – 50 000 человек, у Великих Лук в конце августа – 30 000 человек, под Демьянском в середине сентября – 35 000 человек, восточнее Киева 26 сентября – 665 000 человек, под Вязьмой 14 октября пленены 662 000 человек. Так как значительная часть западных районов СССР была оккупирована противником, формировать резервы теперь можно было на Урале, в Сибири, Казахстане и Средней Азии. В конце июля 1941 года в нашей стране начали формировать 238-ю, 310-ю, 312-ю, 314-ю, 391-ю стрелковые и 105-ю кавалерийскую дивизии. Это была первая волна мобилизации, поэтому призывались бойцы и командиры запаса, прошедшие хорошую военную подготовку на действительной военной службе, а многие из них приобрели боевой опыт в финскую кампанию или в сражениях на Халхин-Голе и у озера Хасан. На подступах к Волоколамску и Ярославлю стояли хорошо вооруженные, укомплектованные и, главное, с командным составом, имеющим боевой опыт, казах-



отряд «Мемориальная зона», изучает архивы.

– Казахи воевали отважно, храбро, самоотверженно, – считает комбриг-профессор. – Приведу один лишь пример: российские поисковики определили воинскую часть, где все бойцы и командиры, вплоть до поваров, ездовых и обозников, были награждены боевыми орденами и медалями. Это 75-я бригада морской пехоты, сформировавшаяся в Казахстане, в городе Казалинске в Кызыл-Ординской области, и в основном состоявшая из казахов.

Наше молодое поколение должно знать и гордиться тем, что решающую роль в обороне Москвы сыграли казахстанские дивизии, ставшие легендарными. Они держались до подхода дальневосточных, кадровых дивизий, снятых с границ, сопредельных с японской Квантунской армией.

Красная армия, принявшая сокрушительной силы удар вермахта на северо-западной, западной, юго-западной и южной границах, отходила в глубь страны в течение июня, июля, августа 1941 года. По данным противника, в Минско-Белостокском котле 9 июля 1941 года попали в плен 323 000 человек, под Уманью в начале августа – 103 000 человек, в Смоленское окружение 5 августа – 348 000 человек, под

станские 316-я, 312-я, 238-я, 391-я стрелковые дивизии.

В журнале боевых действий армии фон Бока можно найти такие строки: «По донесениям командиров, здесь идут бои, превосходящие по своему ожесточению все, что до сих пор пришлось пережить... контратаки у Волоколамска дикой дивизии...» Согласно таблице национального состава сибирских дивизий, куда входили бойцы 33 национальностей, по численности казахи занимали третье место после русских и украинцев. Эти соединения, сформированные в августе-сентябре 1941 года в Новосибирске, Омске, Томске, решили исход первого периода войны.

Акция в столице завершилась минутой молчания. В этот же день Русский дом в Нур-Султане решил запустить международный челлендж «За нами Москва. Записки офицера». Каждый желающий сможет прочитать отрывки из известного произведения Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы. Завершится проект осенью, в дни, когда будет отмечаться 80-летие исторической битвы за Москву, в которой воины-казахстанцы проявили героизм и мужество.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>

Автор:
Дулат Молдабаев

22 июня

В тот страшный день земля рванула в небо. От грохота застыла в жилах кровь. Июнь цветастый сразу канул в небывь, И смерть, вдруг, отгеснила жизнь, любовь.

Надели гимнастёрки и шинели
Вчерашние мальчишки – цвет страны.

Девчонки на прощанье песни пели,
Желали выжить в грозный час войны.

Война, как ком, катилась по дорогам,
Неся разруху, голод, смерть и боль.
Осталось их в живых совсем немного,
Принявших первый, самый страшный бой!

В атаку шли за правду, за Отчизну,
За мир, за мать с отцом,

за добрый дом.
Чтоб защитить от ужасов фашизма
Права на жизнь, что рушилась кругом.

Сирень, гвоздики, нежные тюльпаны...
Начало лета, жизнь вокруг кипит.
Жива любовь, зарубцевались раны,
Но этот день июня не забудь!

автор:
Татьяна Лаврова

АҚЫНЫМЫЗ 60 ЖАСТА



Шығыстың ұлы шайырларының бірі – Хафизден мынадай керемет даналық сөз қалған: «Әкімін ақыны іздеген ел – сорлы, ақынын әкімі іздеген ел – бақытты!». Осынау даналықты үнемі басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізетін «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері мен басшылығы қаламыздағы ат төбеліндей ақындар



тобының жылт еткен жаңалықтарын хәм жақсылықтарын оқырман қауымға көрсетіп, насихаттаудан әсте жалыққан емес. Осындай бір әдемі ішара 2021-жылдың 23-мау-

сымы күні болып өтті. «Приозерск қалалық кітапханасы» «Білім орталығында» жерлесіміз, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегінің 60 жасқа

Александр Струментов, кітапхананың тұрақты оқырманы, «Сырлас» клубының мүшесі Рысқал әжеміз келіп қатысты. Кезекпен сөз алған тілеулестері өз алғыстары мен тілектерін білдіріп, сыйлықтарын табыстады. Сондай-ақ кітапхананың тұрақты



толған мерейтойына орай «Туған жерім – тұғырым» атты кездесу кешін ұйымдастырып, өткізген болатын. Аталған кездесудің мақсаты қатысушыларды ақынның өмірбаяны және шығармашылық жолымен таныстыру, шығармашылық жанның өлең-жырлары мен мақала-очерктерін жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде насихаттау.

Мерекелік кешті кітапханашы А. Ешжанова ашып, ақын Н.Қыдырмұратұлының өмірбаяны және қырық жылдан астам басып өткен шығармашылық жолымен таныстырды. Барлық карантиндік шектеулерді сақтай отырып, шараға кітапхана оқырмандарының шағын тобы, әріптесі әрі «Приозерский вестник» газетінің бас редакторы Бегазы Кенжебеков, «Приозерский вестник» газетінің техникалық редакторы, жеке кәсіпкер

оқырмандары қатысып, ақын туындыларынан үзінділер оқып, рухани азық алды. Кездесу соңында Б.Кенжебеков қалалық кітапхана ұжымының атынан Н.Қыдырмұратұлын құттықтап, қазақтың ежелден қалыптасқан дәстүрімен ақынның иығына шапан жапты және қасиетті аспабымыз домбырамен «Тобылғысай» әнін нәшіне келтіре орындап берді. Ақын Н.Қыдырмұратұлы өз тарапынан ұйымдастырылған кездесу кеші үшін кітапхана ұжымы мен оқырмандарға алғыз сезімін білдіріп, қазақ өнері, соның ішінде ақындық, шығармашылық жолындағы санқилы оқиғалар мен қызықты әңгелерімен бөлісті. Журналист,

Мерейжас иесіне құрмет



ақынның өзіне хәм отбасына баянды бақыт, шығармашылық табыс тілеген жүргізуші ақын еңбегінің еленіп, абыройының үстем бола беруіне ақжарма тілегін білдірді және ақынның оқырмандармен естелік суретке түсті. Іс-шара барысында тақырыпқа сай «Туған жерім-тұғырым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

А.Ешжанова,
«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ
кітапханашысы.
Суреттерде: кездесуден көріністер.



А Л П Ы С ..!

Менің шын туған күнім «17-маусым» деп отыратын марқұм әжем. Құжатқа 22-маусым деп түскен. Сол күні радиодан «Герман Титов Кеңес Одағында екінші болып гарышқа ұшты» деп хабарланып жатса керек. Ферманың атқамінерлері әкеме «балаңның есімін Титов деп қой» деген көрінеді. «Сол заманның модасы». Кеңестік Одаққа әбден сенген әжем де оларды тыңдап, «қойсақ қоялық» деген сияқты. Арадан бірер күн өткенде түйе қараған Нұрғали деген қожса кісі келіпті. Бесікке әлі бөлене қоймаған бөбектің атын сұрағанда, «Титок қоямыз деді ауылдың мамандары» - депті Титовқа тілі келмеген әжем. Сонда Нұрғали қожса түңіліп, «Орыстың аты неге керек, қазаққа ат табылмады ма? Бұдан үлкен ұлдарының аты кім?» - деп сұраған гоі. «Ерали» - дейді әжем мен анам. «Онда соған ұйқастырып Нұрғали қойыңдар есімін. Мен Нұрғали қожсамын» - деген екен. Осылай-

ша атым да, туған күнім де өзгеріп шыға келген. Туған күнімді әдейілеп тойламасам да, сол 22-маусым күні құттықтап жатады білетіндер. Себебі бұл күні Ұлы Отан соғысы басталғаны белгілі. Ватсап желісіне 17-маусымнан бастап құттықтаулар келіп жатыр. Сондықтан асқаралы 60 жас үшін жазған арнау жырымды ФБ желісіне бүгін салғанды жөн көрдім. Сөзге жамандамай, қабыл алуларыңызды өтінемін достар. 60 жас та енді қайтып келмейді, есігімді қақпайды. Әрі биыл дүние есігін ашқан құрдастарымды да құттықтап өтейін. 23-маусымда қалалық кітапхана кездесуге шақырамыз деп шақыру жіберіпті. Павлина Сиязбекқызы басқаратын ұжымға алғысым шексіз!

Кітапхана - менің екінші үйімдей болып кеткен ҮЛКЕН шаңырақ. Талай мерей-тойыларым мен жақсы ішараларымды атап өткен жер бұл киелі мекен.

Жеткендеймін осы күнге үш аттап,
Бұл да дәурен, кетпейкіші ұсақтап.
Күні кеше күтіп еді аяулым,
Аулақтағы ақ қайыңды құшақтап.

Кездер қалды жағаласқан, шарпысқан,
Анталайды ой мен қиял әр тұстан.
Деуші еді дана халқым қашаннан,
«Ақыл сұра асқандардан алпыстан!».

Кеңге жайып құшақты хәм өрісті,
Құтты қылдық ошақты да, қонысты.
Көрдік, білдік, өзімізше түйсіндік,
Білім жетік, ақылымыз толысты.

Мергікпеймін десең мейлі, Айға шап,
Өткенінді таразыла ойға сап.
Бата берсек «әумин» де қол жайғын,
Айып емес немеремен ойнасақ.

Адамилық парызымды ақтадым,
Сездім рас, қуаныш пен бақ табын.
Ғұмыр берген таға алмаймын Хаққа
мін,
Жөн сұраса, ақыл айтар шақтамын.
Бастың іші романдар қап-қалың,
Кейіпкерін келмейді еш даттағым.

Өмір – күрес, ұттық, кейде ұтылдық,
Түртінектеп талай тірлік бітірдік.
Алпысына адам күйде жеткізген,
Жаратқанның бұнысына шүкірлік!

Алпыс жасқа менен бұрын барғандар,
Бұл межеге жақын келіп қалғандар.
Құттықтаймын шын жүректен бәрінді,
Алға ұмтыл, шаршамандар, талмандар,
Тек, әйтеуір, сарқылмасын армандар!

Нұрғали
ҚАРАБЕКТЕГІ



Ассалаума-уағаләйкүм, алпысым!
Кеш кіргендей, емес анық талтүсім.
Енсемізді түсірмейік құрдастар,
Самал-желмен көңіл оттай шалқысын.

Атқан таңнан, шыққан Күннен алып
нұр,
Шырқайықшы, «илигәйға» салып бір.
Көңіл-сезім сол баяғы қалпында,
Мөлдір тамшы тереземді қағып тұр.

КОМУ МОЖНО НЕ ВАКЦИНИРОВАТЬСЯ

ОТ COVID-19

Ранее в редакцию информационного агентства ekaraganda.kz уже обращались карагандинки с вопросом о совместимости прививки от КВИ и планирования беременности – сведения о том, что нужно ждать полгода, оказались мифом. Вакцинация продолжается, и читателей вновь интересует вопрос – кому можно не вакцинироваться и что делать, если есть противопоказания, но к этому все равно склоняют?

В областном управлении здравоохранения напомнили противопоказания к введению вакцины:

1) гиперчувствительность к какому-либо компоненту вакцины или вакцины, содержащей аналогичные компоненты;

- 2) тяжелые аллергические реакции в анамнезе;
- 3) беременность и период грудного вскармливания;
- 4) возраст до 18 лет и старше 65 лет (нет данных об эффективности и безопасности);
- 5) противопоказания для введения II компонента: тяжелые поствакцинальные осложнения (анафилактический шок, тяжелые генерализованные аллергические реакции, судорожный синдром, температура 40°C и т.д.) на введение компонента I вакцины.

Препарат необходимо применять с осторожностью при:

- 1) хронических заболеваниях печени и почек;
- 2) выраженных нарушениях функции эндокринной системы (сахарный диабет);
- 3) тяжелых заболеваниях системы крове-творения;
- 4) эпилепсии, инсультах и других заболеваниях ЦНС;
- 5) заболеваниях сердечно-сосудистой системы (инфарктах миокарда в анамнезе, миокардитах, эндокардитах, перикардитах, ишемической болезни сердца);
- 6) первичных и вторичных иммунодефицитах;
- 7) аутоиммунных заболеваниях;
- 8) заболеваниях легких, астме и ХОБЛ;
- 9) у пациентов с диабетом и метаболи-

ческим синдромом, с аллергическими реакциями, атопией, экземой;

10) злокачественных новообразованиях, включая злокачественные заболевания крови.

И если у человека имеются указанные противопоказания к введению вакцины от COVID-19, но он столкнулся с давлением (в том числе на работе), связанным с вакцинацией – достаточно ли просто предоставить подтверждающие это документы?

В управлении здравоохранения уточнили: таких документов будет достаточно.

Источник: <http://ekaraganda.kz/07414>

Важно!

О ТЕРМИЧЕСКОЙ ОБРАБОТКЕ ОВОЩЕЙ И ВИТАМИНАХ В НИХ


Мы знаем, что во многих овощах содержится огромный запас витаминов, поэтому задумываемся о том, сохраняются ли они после термической обработки. Ведь важно, чтобы приготовленная еда была не только вкусной, но и полезной. Поэтому стоит разобраться с тем, какие витамины и полезные вещества остаются в продуктах.

Конечно, способ приготовления блюда меняет количество и состав различных компонентов и в составе овощей, и в составе фруктов, но этот момент не является однозначно «минусом». Практические исследования, проведенные в разных странах, показали, что использование термической обработки может снижать количество определенных питательных компонентов, но оно же делает более доступными другие.

Варка



Запекание



Это значит, что нельзя выбрать одну, наиболее приемлемую, форму употребления для всех продуктов, у каждого есть свой вариант.

Существует мнение, что в овощах в их первозданном виде содержится большее количество полезных веществ, чем после их термической обработки. Но все зависит от того, к какому типу принадлежат питательные компоненты.

В процессе термической обработки самыми уязвимыми оказываются витамины, которые растворяются в воде. Это С и В, еще – питательные полифенолы. Так, в процессе консервации гороха и моркови в них теряется практически весь витамин С, иногда до девяноста пяти процентов. В замороженной вишне количество атоцианов снижается вдвое, это вещество содержится в темном окрасе в овощах и фруктах. Когда готовится свежий шпинат, он теряет больше половины витамина С.

В процессе приготовления еды на домашнем оборудовании наличие этого витамина снижается от пятнадцати до пятидесяти процентов. Интересным фактом можно назвать и то, что в продуктах, которые подверглись заморозке, остается больше витаминов, чем в других. Скорее всего, он теряется в процессе доставки и хранения.

Существуют соединения антиоксидантные (еще их именуют каротиноидами), и

большое количество жирорастворимых витаминов, которые после термообработки будут более доступны. К примеру, некоторые проведенные исследования показали, что морковь с кабачками и даже брокколи полезнее употреблять после варки, чем после готовки их на пару, жарить и даже есть в сыром виде. Жарка уничтожает наибольшее количество полезных компонентов.


Обычно при обработке вещей существуют компромиссы, ведь делая более доступным одно из питательных веществ можно полностью уничтожить другое. Если рассмотреть на примере моркови, то в вареном продукте больше каротиноидов, чем в сыром. Но насыщенность полифенолами большая в сыром продукте, и как только вы его начнете готовить, они исчезнут.

Поэтому вполне можно утверждать, что

Жаренье



Тушение



ни один из способов употребления и приготовления не является идеальным, если оценивать количество сохранившихся полезных веществ. Еще при выборе способов обработки учитывайте и то, как они меняют вкус продукта. Ведь в итоге важно подавать такую еду, которая будет вам нравиться.

Чтобы получить максимальную пользу от любого продукта, лучше употреблять его по-разному: и сырым (если в таком виде он готов к употреблению), и вареным, и запеченным, и жареным. Главное – регулярно есть овощи и фрукты, максимально разнообразить свой рацион. И тогда не имеет значения, какой способ приготовления вы выберете в этот раз.

Наша лаборатория поможет выявить недоброкачественность приобретенной Вами продукции отечественных и зарубежных производителей.

Мы находимся по адресу г. Приозерск, ул. Пушкина, 6/2. Телефон: 8(71039)5-37-63

Наушаруанов К.А., специалист Приозерского городского отделения филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Карагинской области

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Танатарова Едильбай Шарипбаевича**, умершего 10 января 2021 года.

Наследникам, а также физическим и юридическим лицам, к которым **Танатаров Едильбай Шарипбаевич** имел обязательства, обращаться к нотариусу **Карабекову С.С.** по адресу: г. Приозерск, ул. Космонавтов, д. 1, «Центр по обслуживанию населения филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», офис 2.

Справки по телефону тел. 8-701-475-9101, e-mail: sailau.karabek@mail.ru

ТІЛ ҚҰДІРЕТІ – ЕЛ ҚҰРМЕТІ

Тіл – қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттың жүрегі. Ал, ұлттың болашағы – оның ана тілі. Сондықтан, қандай ұлт өкілі болсақ та, біз ана тілімізді құрметтеуге, оның мәртебесін асқақтатуға міндеттіміз. Себебі, келер ұрпаққа бізден қалатын аманат – тіліміз бен дініміз, салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымыз ғана.

Зайырлы мемлекетте тұрып, ұлтқа, дінге, нәсілге бөлінбесек те, қазақ болып туғанымды мақтаныш етеміз! Себебі, қазақ тілі – өте рухты, өте құдыретті тіл деп білемін. Қазақ кез - келген жанды бір ауыз сөзбен жылатып, бір ауыз сөзбен жұбата алған. Тілдің құдіреті деген осы болса керек, сірә!

Қазақтың тілі – тектіліктің тұғыры, ұлттық намыс пен рухтың қайнар көзі. Олай дейтін себебім қазағымның мақалдары мен мәтелдері, бабалардан қалған өсиет сөздер кез-келген жанның жүрегін тебіренгітіп,

өмірлік ой салады. Сынаққа толы сан ғасырлардан бізге аманат болып қалған ана



тілімізді қашанда қастерлеу – бізге парыз! Себебі, тіл құдіреті – ел құрметі!

Айдана Жақупова, Караганды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері

Мерекеге арналған кездесуге

ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ

А.ж. 23 маусым ҚР мемлекеттік қызметшілер күніне орай, Әдеп жөніндегі уәкіл А.Исатаев қаланың ЖАО жас мемлекеттік қызметшілері арасында кездесу өткізді.

Мемлекеттік қызметшілерді адал және

мінсіз қызмет етуге, халыққа қызмет ету жолындағы жауапты істе жігерлі болуға шақырды. Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін атап өтті.

Одан басқа, А. Исатаев жас мамандарға мемлекеттік қызметте 35 жылдан аса еңбек өтілі бар, мемлекеттік қызмет ардагері Жарас Кармысовнаны үлгі етті.

Өз кезегінде Жарас Кармысовна мемлекеттік қызметтің жауаптылығы, бұрынғы және қазыргі күйі туралы, өз еңбек жолындағы жетістіктері мен қиындықтары туралы тәжірибесімен бөлісіп, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, жұмыстарын табыс тіледі.

Приозерск қ. әкімінің аппараты

В честь праздника

ПРОШЛА ВСТРЕЧА МОЛОДЫХ ГОССЛУЖАЩИХ

23 июня т.к. в акимате, в преддверии Дня государственного служащего РК, прошла встреча с молодыми государственными служащими МНО города. Встречу проверил уполномоченный по этике аппарата акима города Приозерск А. Исатаев.

венной работе в служении народу.

В ходе встречи, А.Исатаев, в качестве примера для подражания молодежи, представил ветерана государственной службы Жарас Кармысовну, имеющую более 35 лет стажа на государственной службе.

В свою очередь, Жарас Кармысовна

поделилась опытом ответственности перед государством и гражданами, прошлым и настоящим состояния государственной службы, достижениях и трудностях своей трудовой деятельности.

В заключении она поздравила

государственных служащих с профессиональным праздником и пожелала им успехов в работе.

Аппарат акима г. Приозерск



В своем выступлении А.Исатаев отметил, что будущее нашей страны в руках молодого поколения. Он призвал государственных служащих служить честно и безупречно, быть энергичными на ответст-

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д. 5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15, Заказ № 25/721. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**
Корреспонденция принимается на электронный адрес: **prz_westnik@mail.ru**

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041